

ДРАМАТУРГИЯ ТУРАЛЫ ДӘРІС

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



АТЫҢДЫ ТҮЗЕ, АЛТЫ АЛАШ!

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҒАСЫР ДЕРТІ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

АҚШ Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам американдық компания бизнес жүргізеді.

№132
(4876)
Сенбі
8 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



$17 МИЛЛИАРДҚА КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Ақ үйдегі кездесуде Қазақстан Президенті Вашингтонға сапармен келуге шақырғаны және қазақстандық делегацияға көрсеткен қонақжай көңілі үшін АҚШ Президентіне ризашылық білдірді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті.

Қазақстан Президентінің айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дәлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трамптың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады.

Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттар арасында жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылды.

(2-бетте)



«ҮРКЕР» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ – «АСТАНА АҚШАМЫНДА»!

«Astana aqshamy» газеті «Үздік өңірлік БАҚ» аталымы бойынша «Үркер-2025» ұлттық сыйлығын иеленді. Ұлттық медианың кіл үздіктерінің шығармашылық жетістіктерін әділ бағалаған тәуелсіз қазылар алқасы беделді байқауда біздің басылымды осы жүлдеге лайық деп таныды. Ұлттық сыйлықты «Astana aqshamy» газеті құрамына енетін «Elorda Aqparat» медиахолдингінің директоры Олжас Сыдықбекке «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының бас директоры Ернұр Бурахан салтанатты түрде табыс етті.



ҚАРАШАНЫҢ ҚАРЫ


Астанада қар күреу қарбаласы қарашадан басталып кетті. Апта басында түскен алғашқы қар еріп те үлгермеді. Қар күн сайын жапалақтап жауып тұр. Ауа райының осындай жағдайына байланысты елордада қар тазалау жұмысы тәулік бойы жүріп жатыр. Кеше арнайы полигондарға қала аумағынан 1073 рейспен 13310 текше метр қар шығарылды.

АТА-АНАСЫ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Оқушылар сабақ кезінде смартфон пайдаланса, ата-анасына айыппұл салынады. Бұл туралы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова айтты.



«Білім туралы» заңда ұялы телефонды сабақ процесінде пайдалануға тыйым салынғаны жазылған. Бұл тұрғыда жауапкершілік ата-анаға жүктелген. Сондықтан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте бұл 409-бапта осы жауапкершілік нормасы қарастырылған. Талаптар бұзылған жағдайда, кодексте айыппұл сомасы көрсетілген. Егер бұл бірінші рет болса, ескерту беріледі. Ал тағы қайталанса, 19,5 мың теңге көлемінде айыппұл салынады» деді М.Мелдебекова Сенаттың жалпы отырысынан кейін тілшілердің сұрағына берген жауабында.



Азаматтар енді өтінімдерінің орындалу барысын «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы бақылай алады.

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үдерісі аясында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «ЦОН» мобильді қосымшасына жаңа мүмкіндік қосты. Енді азаматтар мемлекеттік қызметке берген өтінімдерінің мәртебесін нақты уақыт режимінде көре алады. Өтінім мәртебесін көру үшін қолданушы қосымшадағы «ХҚКО қызметтері» немесе «Арнайы ХҚКО қызметтері» бөлімін таңдап, өтінім нөмірін енгізуі керек. Бұл жаңашылдық қызмет көрсету процесін барынша ашық етіп, азаматтарға өтінімнің қай сатыда тұрғанын және нәтижені қашан алуға болатынын нақты білуге мүмкіндік береді.

№132 (4876) 08/11/2025 Сенбі





ВАШИНГТОНҒА САПАР: ҚАНДАЙ КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ?

Қазақстан Президентінің АҚШ-қа сапары барлық жағынан алғанда сәтті болды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дональд Трамп кездесуінің нәтижесінде құны 17 миллиард доллардан асатын келісімдер мен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы құжатқа қол қойылды. Мемлекет басшысы сапар аясында бірқатар маңызды кездесу өткізіп, The Washington Post және The New York Times секілді американдық танымал басылымдарға сұхбат берді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ДИАЛОГҚА ДАЙЫНБЫЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вашингтонға сапары Мемлекеттік хатшы Марк Рубиомен, Сауда министрі Говард Латникпен, сондай-ақ АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азиядағы арнайы өкілі Серджио Гормен кездесуден басталды. Басқосуға қатысушылар екіжақты және өңірлік күн тәртібінің басты аспектілері жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен АҚШ үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, өнеркәсіп пен бизнесті қолдауға септігін тигізетін экономикалық ықпалдастық арқылы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға орайлы мүмкіндік туғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, еліміз АҚШ-пен түрлі деңгейде белсенді саяси байланыс орнатқан әрі сан қырлы ынтымақтастықты тереңдету бойынша конструктивті диалог жүргізуге дайын.

IT СТАРТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтонға сапары аясында халықаралық нарыққа шыққан отандық IT стартаптардың негізін қалаушылармен кездесті. Президентке еліміздің алғашқы «сыңармүйіз» стартапы – Higgsfield AI жасанды интеллектіге негізделген кинематографиялық сапалы бейнені генерациялауға арналған платформасы, Deep Infra – машиналық оқыту модельдерін орналастыруға және іске қосуға арналған қызмет, Valinor – биотехнология саласындағы стартап, ARC Drones – автономды дрондарды әзірлеуші, сондай-ақ басқа да перспективті жобалар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Silkroad Innovations технология хабының қызметі туралы ақпарат берілді. Ол Кремний алқабында Орталық Азия елдерінің талантты жастары мен стартаптарына қолдау көрсетеді. Кездесуге жалпы құны 1,4 миллиард долларды құрайтын 20-дан аса стартап өкілі қатысты. Бұл ұлттық IT экожүйесінің инновациялық әлеуетін танытады. Мемлекет басшысы жоғары технология саласындағы отандық компаниялардың жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөніндегі стратегиялық міндеттің маңызын атап өтті.

«Президент ретінде баршаңызды қолдаймын. Жұмыстарыңыз еліміздің болашағы үшін өте қажет. Цифрландыру мен HighTech мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі саналады. Мен бұл туралы Жолдауымда айттым» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АМЕРИКАЛЫҚ КОНГРЕССМЕНДЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының мүшелері Джимми Панеттамен, Кэрол Миллермен, Билл Хайзенгамен және Сидни Камлагер-Давпен кездесті. Президент АҚШ Конгресі Қазақстанмен достық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, парламент мүшелеріне екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті ілгерілетуге қосқан үлесі үшін алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Конгрестегі Джимми Панетта басқаратын «АҚШ – Қазақстан» достық тобы (кокус) қос халық арасындағы саяси диалогты тереңдетуге, экономикалық кооперация мен байланыстар аясын кеңейтуге ықпал етіп отырғанына назар аударды.

АҚШ – Қазақстанның ең ірі экономикалық серіктестерінің бірі. Құрама Штаттар еліміздің экономикасына 100 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Бұл – Орталық Азияға бағытталған жалпы инвестиция көлемінің 80 пайызы. Сонымен қатар Президент конгрессмендерге елімізде жүргізіліп жатқан жан-жақты саяси және экономикалық жаңғырулар жөнінде әңгімеледі. Конгресс мүшелері Қазақстанның әлеуетіне жоғары баға беріп, екі ел арасындағы сан қырлы байланыстардың дамуына қолдау көрсететіндерін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдаланып, Америка парламентінің өкілдерін екі елдің өзара тиімді ынтымақтастығын кеңейту мақсатында Қазақстанға сапарлап келуге шақырды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Қазақстан Президенті Chevron корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уиртті қабылдады. Мемлекет басшысы Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы мұнай мен газды игеру бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруға Chevron корпорациясының қосқан үлесіне жоғары баға берді. Сондай-ақ Қазақстан тарапының шикізатты өндіру, өңдеу және тасымалдау салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін растады.



2,5 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА БАҒАЛАНҒАН КЕЛІСІМ

Қасым-Жомарт Тоқаев John Deere компаниясының ТМД және Орталық Азия елдері бойынша президенті Чабо Лейкомен кездесті. Қазақстан Президенті John Deere компаниясымен серіктестікті заманауи және тиімді ауыл шаруашылығы кешенін дамытуға ортақ ұмтылысты көрсететін өндірістік кооперацияның табысты үлгісі деп атады. Мемлекет басшысы John Deere компаниясының Қазақстанның «Агромаш» зауытымен серіктестік орната отырып, агроөнеркәсіп кешеніне арналған техника өндірісінің локализациясы туралы қабылдаған шешімін қолдады. Бұл ынтымақтастық қазірдің өзінде оң нәтиже беріп отыр. Өндіріс іске қосылған биылғы мамыр айынан бері 290 бірліктен астам техника құрастырылған. Жыл соңына дейін тағы 100 техника шығарылады деп жоспарлануда. Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында жалпы құны 2,5 миллиард долларға бағаланған Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылғанын құптады. Құжат бойынша «АгромашХолдинг KZ» АҚ 5 жыл ішінде кем дегенде 3 мың John Deere ауыл шаруашылығы техникаларын өндіруді, кемінде 3 сервис орталығын ашуды, сондай-ақ мамандарды оқыту жүйесін дамытуды қарастырады.

ТАНЫМАЛ БАСЫЛЫМДАРҒА СҰХБАТ БЕРДІ

Мемлекет басшысы АҚШ-қа сапары барысында The Washington Post және The New York Times секілді американдық танымал басылымдарға сұхбат берді. Президент Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастыққа, Америкаға сапарының мәні мен маңызына, Дональд Трамп жүргізіп отырған саясатқа, әлемдегі геосаяси жағдайға, Украина төңірегіндегі ахуалға және басқа да мәселелерге қатысты ойымен бөлісті.

АҚШ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамппен келіссөз жүргізді. Ақ үйдегі кездесуде Мемлекет басшысы Вашингтонға сапармен келуге шақырғаны және қазақстандық делегацияға көрсеткен қонақжай көңілі үшін АҚШ Президентіне ризашылық білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті. Қазақстан Президентінің айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дәлізді одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трамптың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады. Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттары арасында жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылды. Әңгімелесу барысында екіжақты ықпалдастықтың кең көлемдегі мәселелері жан-жақты талқыланды, өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективті бағыттары нақтыланды. Сонымен қатар президенттер халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Ақ үйдегі кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ президенттері Израиль Премьер-министрі Беньямин Нетаньяхумен телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан Республикасының Ибраһим келісімдеріне қосылуы әңгіменің арқауы болды. Мемлекет басшысы Президент Трамптың Таяу Шығыста бейбіт өмір орнатуға нақты алғышарттар жасап, көпшілік күмәнмен қараса да, елеулі нәтижелерге қол жеткізгеніне назар аударды. Ибраһим келісімдеріне қосылу арқылы Қазақстан қақтығысты еңсеруге, диалогты ілгерілетуге және БҰҰ Жарғысы негізіндегі халықаралық құқықты қолдауға үлес қосады. Қазақстанның бұл шешімі ешбір мемлекетпен екіжақты қатынастардағы міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді. Бұл – бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуды көздеген көпжақты дипломатияның заңды жалғасы әрі нақты көрінісі.

АҚШ президенті Дональд Трамп Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешімін жоғары бағалап, бұл қадам өзге елдерді аталған бастаманы қолдауға үндейтінін атап өтті.

«Бұл – бүкіл әлемде ынтымақтастық орнатуда айтарлықтай алға ілгерілеу. Бүгінде көптеген ел Ибраһим келісімдері арқылы бейбітшілік пен өркендеу жолын таңдап отыр» деді Дональд Трамп.

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, С5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды. Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

«Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тұжырымдамаңызды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған рөлін айтарлықтай күшейте түстіңіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

«Қазақстан мен АҚШ арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам американдық компания бизнес жүргізеді» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын келісімдер жасасқанын айтты. Жалпы Қазақстан мен АҚШ-тың энергетика, аса маңызды минералдар, өнеркәсіп, көлік, қаржы, жасанды интеллект, білім секілді негізгі салаларды қамтитын экономикалық әлеуеті жарты триллион доллардан асады. Президент американдық компанияларды елімізде инвесторлар үшін жасалған оңтайлы жағдайды пайдалануға шақырды. Тіпті оларға өзі қолдау көрсететінін жеткізді.

№132 (4876) 08/11/2025 Сенбі

КӨШЕ АТАУЛАРЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Астана қаласы мәслихатының көпшілік тыңдауларында мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің төрағалығымен елорданың кейбір көшелеріне атаулар беру мәселесі талқыланды. Тиісті баяндаманы қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жасады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, жаңа атаулар Қазақстанның өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынасын нығайтуды көздейді. Алғашқы атау ретінде Нұра ауданындағы жобалық Е754 көшеге София атауын беру ұсынылды. Бұл Болгария астанасы София қаласының орталық көшелерінің біріне Астана атауы берілуіне байланысты болып отыр.

«Тағы бір ұсыныс Пәкістанға қатысты. Нұра ауданындағы жобалық атауы Е15 көшеге Мұхаммед Әли Джиннаның есімін беруді ұсынамыз. Ол Үндістандағы мұсылман саяси қайраткері ретінде заңгерлікпен айналысып, 1947 жылы Пәкістан мемлекетін құруға үлкен үлес қосты. Яғни заманауи Пәкістан мемлекетінің негізін қалаушы деуге болады.

23 қазанда елорда әкімі Жеңіс Қасымбек пен Пәкістанның Қазақстандағы елшісі Бхатти Наумар Башир мырза арасында кездесу болды. Онда Астана қаласындағы көшелердің біріне Мұхаммед Әли Джиннаның атын беру, ал Пәкістанның Исламабад қаласындағы осыған ұқсас көшелердің біріне қазақтың көрнекті ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлының есімін беру мәселесі талқыланды. Келер жылы Мемлекет басшысының Пәкістанға ресми сапары болуы мүмкін. Абай көшесі сол кезде ашылады деп жоспарлануда» деді Сәкен Есіркеп.

Үшінші ұсыныс Италия мемлекетіне қатысты болды. Тұран даңғылынан басталып, Қабанбай батыр даңғылында аяқталатын, «Астана Арена» спорт кешені мен «Алау» мұзайдыны сарайының арасында орналасқан атаусыз көшеге Марко Полоның есімін беру енгізілді. Бұл – жақында Қазақстанға Италия президентінің ресми сапары кезінде көтерілген мәселе. Сол кезде Мемлекет басшысы Марко Полоның атын Астананың орталық көшелерінің біріне беру туралы тапсырма жүктеді.

Баяндамашы жақында Италия астанасы Римде, Вилла Грациоли саябағында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының бюсті салтанатты түрде ашылғанын еске салды.

Қалалық мәслихат депутаттары бұл ұсыныстарды қолдады. Олардың арасында Кендебай Адамбек, Бауыржан Смайылов, Ғабит Тәжімұратов оң пікірлерін жеткізді.



«ҮРКЕР» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ – «АСТАНА АҚШАМЫНДА»!

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл – биыл 35 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өткен газет ұжымы үшін зор құрмет, жоғары мәртебе. Бұл – ұлттық журналистиканың нағыз ұстаханасына айналған газеттегі әріптестеріміздің мерейі үстем болған күн. Бұл – ерен еңбектің, ұжымдық бірліктің, кәсіби көшбасшылықтың айқын көрінісі.

Биыл баспа, радио, интернет-журналистика саласында берілетін «Үркер» ұлттық бәйгесі 11 номинация бойынша өтті. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, байқауға жеке журналистерден, БАҚ-тардан 400-ден астам өтінім келіп түсті. Үміткерлер арасынан үздік жұмыстарды анықтау үшін тәжірибелі журналистер мен медиа менеджерлерден құралған тәуелсіз қазылар алқасы қара қылды қақ жарып шешім шығарды. Нәтижесінде шортпараққа 44 номинант енді.

Ұлттық сыйлық бойынша лауреаттарды марапаттау рәсімі «Қазмедиа» орталығында өтті. Жеңімпаздарға «Үркер» естелік мүсіншесі және 1 миллион теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйлық тапсырылды.



«Үркер» ұлттық сыйлығы баспа, радио, интернет-журналистикадағы талантты журналистер мен шығармашылық ұжымдарды анықтау, олардың кәсіби журналистиканы дамытуға қосқан үлесін мойындау және олардың шығармашылығына қоғамның назарын аудару мақсатында 2017 жылы тағайындалған. Байқаудың ұйымдастырушылары – Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры. Іс-шараның демеушілері – «Qazcontent» АҚ, «Қазақ газеттері» ЖШС және «Sport+» телеарнасы.

Адал еңбектің әділ бағаланғанына қуандық. Осындай қуаныш барлық әріптесімізге жұғысты болсын! Мерейлеріңіз әрқашан үстем болсын, ақшамдықтар!

«Заң және тәртіп» акциясын жүзеге асыру аясында Астана қаласы бойынша Бас прокуратураның тапсырмасымен барлық жоғары оқу орнында және колледждерде түсіндіру жұмыстары басталды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНДІРМЕ ЖҮРГІЗІЛДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

«Esil University»-де өткен кездесуде студенттерге қылмыстық құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыптары кеңінен түсіндірілді.

– «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес, Астана қаласының барлық жоғары оқу орнында және колледждерде прокурорлардың қатысуымен профилактикалық, қылмыстық және басқа да тақырыптарда түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Бұл шара биыл ғана емес, келер жылы да жалғасын табады, – дейді Байқоңыр аудандық прокуратурасының аға бөлім прокуроры Ұлан Көпжанұлы.

Бұл бастама жастардың құқықтық мәдениетін көтеру, құқық бұзушылықтың алдын алу және заңға құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 12 қараша сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы.

2. «Астана қаласында №2 индустриалды парк салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы.

3. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.

4. Астана қаласында ортақ су пайдалану қағидаларын бекіту туралы.

5. Астана қаласының аумағында орналасқан жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы.

6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

7. «Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №248/32-VII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

8. «Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының тұрақты комиссияларының құрамдары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 наурыздағы №4/1-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Жоғары оқу орындарының түлектері және елорда жастары үшін бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Университет қабырғасына 50-ден астам жұмыс беруші мекеме жиналды. Олар 300-ге жуық бос жұмыс орнын ұсынды.

«Esil University» мансап орталығының директоры Ербол Сәкеевтің айтуынша, «Esil University» түлектері және 3, 4-курс студенттерін жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында бос жұмыс орны бар мекемелер шақырылған. Мұндай шара оқу жылында екі рет, нақтырақ айтқанда, қараша және сәуір айларында өтеді. Бұл жолы 1000-ға жуық студент жұмыс берушілерге жүгінген. Басымдық жастарға беріледі. Жәрмеңке жұмыссыз жүрген азаматтарға жәрдемдесіп, жұмысқа орналасуға ықпал етеді.



ХАБАРЛАМА

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 30.10.2025 ж. №1918 «Астана қаласының коммуналдық меншігіне сыйға тарту шарты бойынша жылжымайтын мүлікті қабылдау туралы» бұйрығы бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 60 937 841 (алпыс миллион тоғыз жүз отыз жеті мың сегіз жүз қырық бір) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды.

№132 (4876) 08/11/2025 Сенбі



КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАНДАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛУДЕ?

Астанадағы шағын және орта бизнес өкілдері 540 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Бизнестің, өнеркәсіптің және инвестиция тартудың биылғы 9 айдағы көрсеткіші туралы қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Әшімов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

– Бүгінде шағын және орта бизнес елорда экономикасының негізгі тірегіне айналды. Астананың жалпы өңірлік өнімінің үштен екісінен астамы осы сектор үлесіне тиесілі. Биыл ШОБ-ты қолдау мақсатында «Даму» қорының базасында шағын және орта бизнеске арналған кепілдік қоры құрылды. Бұл қордың қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеге дейінгі жобаларды қамтиды және жеткілікті кепілі жоқ кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Қордың басты мақсаты – бизнестің мемлекеттік қаражатқа тәуелділігін азайту. «Даму» қоры несие сомасының 85%-ына дейін кепілдік береді, бұл кәсіпкерлерге несиені тиімді шартпен алуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар биыл «Өрлеу» жеңілдетілген несие беру бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама да «Даму» қоры арқылы жүзеге асырылады және басым салаларды қамтиды. Жеңілдетілген несиенің ең жоғары мөлшері – 7 млрд теңге, мөлшерлемесі – 12,6%. Бұған қоса, «Астана бизнес» жергілікті жеңілдетілген несие беру бағдарламасы да іске асырылуда, – деді ведомство өкілі.

Оның айтуынша, биыл өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау және білім беру сияқты салаларда кәсіпкерлердің көптеген жаңа жобасына қолдау көрсетілді. Жыл басынан бері сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша – 213 жоба, ішінара кепілдендіру бойынша – 51 жоба, жеңілдетілген несие беру аясында – 109 жоба, кепілдік қоры арқылы – 245 жоба, ал «Астана бизнес» бағдарламасы бойынша 164 жеңілдетілген несие берілді.

– Астанада әлеуметтік кәсіпкерлік те белсенді дамып келеді. Қалада тіркелген 1520 кәсіпкердің 268-і – әлеуметтік кәсіпкер. Бұл – республика бойынша ең жоғары үлес. Олар, негізінен, мектепке дейінгі білім беру, ерекше балаларды оңалтуға бағытталған коррекция орталығы саласында жұмыс істейді, – деді Нұржан Маратұлы.

Сонымен қатар ол өнеркәсіптің өсімі туралы да айтты. Астананың №1 индустриялық паркі тұрақты даму көрсетіп, ірі инвестициялар тартып отыр. Мұнда жалпы құны 336 млрд теңгеден асатын 140 жоба орналасқан. Оның ішінде 82 кәсіпорын жұмыс істеп тұр, ал 58 жоба – жүзеге асырылу кезеңінде. Олардың іске қосылуы алдағы екі жылға жоспарланған.

№1 индустриялық парк тәжірибесін ескере отырып, №2 индустриялық парк жобасын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі арқылы іске асыру басталды. Онда жалпы құны 500 млрд теңгеден асатын 100-ден астам жоба жүзеге асырылады. Бұл шамамен 8 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

– Инвестиция тарту қаланың экономикалық дамуының басым бағыты болып қала береді. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Астана экономикасына 1,7 трлн теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 36,7%-ға көп. Оның ішінде жеке инвестициялар көлемі 1,1 трлн теңгені құрап, өсім 21,7% болды. Оң динамика, негізінен, жылжымайтын мүлікпен операциялар, көлік және қоймалау, білім беру, өңдеу өнеркәсібі, қаржы және сақтандыру салаларында байқалады, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Елордада ұлттық жоба пулына енген 127 жоба жүзеге асырылып жатыр, олардың нәтижесінде 24,5 мың жұмыс орны құрылмақ. 2025 жылы 29 жоба іске қосылып, 3 мың жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Қаланың экономикасында сауда және қызмет көрсету саласының үлесі – шамамен 77%. Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша бұл салада 6,2% өсім тіркелді. Атап айтқанда, бөлшек сауда айналымы 14,4%-ға, көтерме сауда 3%-ға артты. Қазіргі жағдайда көше саудасын дамыту мақсатында «Көше саудасына арналған павильондарды орналастыру» бағдарламасы аясында қала бойынша 365 сауда павильоны жұмыс істейді.

– Маңызды бағыттардың бірі – Астананың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы мақсатта аграрлық-индустриялық аймақ құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл жоба аграрлық және өнеркәсіптік секторларды біріктіріп, өзара ықпалдастыра түседі. Мұнда 20 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытында белсенді жұмыс жүріп жатыр. Қазір 33 мың тонна өнімге келісімшарт жасалған, оның ішінде Павлодар және Түркістан облыстарынан 18 мың тонна көкөніс жеткізіледі. Бұл маусымаралық кезеңде бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, түрлі аймақтан 15 мың тоннадай бакалея, сүт және ет өнімдері бойынша келісімдер жасалды, – деді Нұржан Әшімов.

Басқарма басшысы елордадағы туризм саласының дамуына да тоқталды. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Астанаға 750 мың турист келді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға көп. Оның 180 мыңы – шетелдік қонақ, негізінен – Ресей, Қытай, Түркия, АҚШ және Германия елдерінен.

Бүгінде Астана мәдениет, спорт, медицина және инновациялар тоғысқан ірі орталыққа айналды. Қалада 100-ден астам туристік нысан бар, заманауи навигациялық жүйе, ақпараттық дүңгіршектер, экскурсиялық қызметтер және цифрлық шешімдер енгізілген. Астана халықаралық әуежайында Тахі Point қызметі іске қосылды, бұл – Қазақстандағы алғашқы тәулік бойы жұмыс істейтін такси терминалдары. Қызмет жеті тілде қолжетімді және қалаға жылдам әрі қауіпсіз трансферді қамтамасыз етеді. Қалада өндірістік туризм қарқынды дамуда. Туристер үшін «Ютария» тігін фабрикасына, «MFA International» респиратор зауытына, «Modex» темірбетон зауытына, «Аромат», «СтальЦинк» және «АЭТЗ» кәсіпорындарына экскурсиялар ұйымдастырылуда. Бұл бағыт елорданың инновациялық және технологиялық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім беру туризмі де дамып келеді. Жыл соңына дейін 12500 оқушы мен колледж студенті кәсіби бағдар беру бағдарламалары мен экскурсияларға қатысады. Астанада гольф-туризм де жаңа бағыт ретінде қалыптасып келеді. Қала алғаш рет халықаралық гольф туризмі үшін тартымды бағыт ретінде таныстырылды.

ЖАҢА МАМАНДЫҚТЫ МЕҢГЕРДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Астанада Joltap жобасы іске асып жатыр. Бұл елорда тұрғындарына жаңа мамандықты меңгеріп, сүйікті ісі арқылы табыс табуға мүмкіндік береді.

Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптерді игеруге жол ашқан жоба арқылы бүгінге дейін 2 мыңнан астам астаналық жаңа мамандықты меңгерді. Солардың бірі – Айдана Арыстан.

Joltap жобасы аясында елорда тұрғындары көп шоғырланатын аумақтарға «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері орналастырылған. Ондағы кеңесшілер келушілерге тұрғын үй бағдарламалары, бизнес гранттары, әлеуметтік көмектер және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат береді. Мұнда бас сұғатындардың басым бөлігі – жұмыссыз азаматтар. Арасында Астанаға басқа өңірлерден көшіп келгендер де кездеседі. 30 жастағы Айдана Арыстан солардың қатарынан. Отбасымен Шымкент қаласынан Астанаға көшіп келгеннен кейін ол жаңа ортада тұрақты табыс табуды мақсат еткен. Алдымен әлеуметтік желі арқылы жобамен танысқан елордалық келіншек қаладағы модульдік пунктке барып, кеңесшілерден жан-жақты ақпарат алып, курсқа тіркеледі.

– Арада көп уақыт өтпей «модельер-конструктор» курсына қатыстым. Оны сәтті аяқтаған соң, «тігінші» бағыты бойынша білімімді жалғастырдым. Тігін тігу саласы маған ұнайды. Сол себепті осы бағытты таңдадым. Сабақтар өте қызықты өтті. Мұнда көп уақыт тәжірибеге бөлінді. Киім пішуді, бұйым тігуді, өнеркәсіптік тігін машинкасында жұмыс істеуді үйрендім, – деді ол.



Айдана Арыстан елордадағы жекеменшік тігін цехына жұмысқа орналасуды жоспарлап отыр. Негізгі мамандығы мұғалім болғанмен, оқуды бітірген соң тұрмысқа шығып, кейін бала күтімімен декрет демалысында отырған жанға Joltap үлкен мүмкіндік сыйлағанын айта келе, жоба түлегі ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ ОРНАТЫЛДЫ

Сарыарқа ауданында 504 мекенжай бойынша 2653 бейнебақылау камерасын орнату жұмысы жүргізілуде. Оның ішінде 654 камера әлеуметтік нысандардың аумағына қойылады.

Бейнебақылау жүйесі жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілерін, сондай-ақ әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Камералар ауданның орталық бөлігінде де, тұрғын алаптарда да орнатылуда. Ерекше назар адам көп шоғырланатын көшелер мен аула аумақтарына, сондай-ақ тұрғындар өтініші негізінде және анықталған криминогендік аумақтарға аударылған. Мамандардың айтуынша, жаңа камералар аудан аумағындағы қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге және тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға сеп болады. Жалпы Сарыарқа ауданында қазіргі таңда 4,5 мыңнан астам камера жұмыс істейді.



АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ

Биыл Алматы ауданында қала экологиясын жақсартуға, қолайлы орта қалыптастыруға және тұрғындардың жайлы демалысына жағдай жасауға бағытталған кең көлемді көгалдандыру жүргізілді. Жұмыстар көктем және күз кезеңдерінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, аудан аумағын жүйелі әрі кең ауқымда қамтуға мүмкіндік берді.

Көктемгі маусымда ауданда 4700 түп ағаш отырғызылды. Қ.Мұңайтпасов, М.Жұмабаев, Қ.Рысқұлбеков, С.Нұрмағамбетов, Балқантау, Қ.Сәтпаев, Күйші Дина, Ө.Жәнібек, Лепсі, Қобыланды батыр, Амман көшелеріне, сондай-ақ Ақжол, Абылай хан, Тәуелсіздік және Р.Қошқарбаев даңғылдарының бойына жаңа жасыл желек отырғызылып, Триатлон, Жерұйық-2 саябақтарында, Отан қорғаушылар алаңында, Ж.Жирентаев көшесінде, Р.Қошқарбаев-Қордай қиылысында, Күйшілер аллеясында сквердe, сондай-ақ «Хабар», «3 гектар» тұрғын үй кешендері аумақтарында, футбол федерациясы, «Сана» және «Алатау» спорт кешендерінің маңында ауқымды жұмыс атқарылды.

Күзгі маусымда көгалдандыру жұмысы жалғасын тауып, қосымша 6711 түп ағаш отырғызылды. Абылай хан, Ш.Құдайбердіұлы, Р.Қошқарбаев, Тәуелсіздік даңғылдарының бойында, сондай-ақ М.Жұмабаев, Бұйрат, Қарашығанақ, Кендірлі, Қ.Рысқұлбеков, Қ.Мұңайтпасов, Айнакөл және басқа да көшелерде ағаш отырғызылды. Оқушылар сарайы аумағында, «Хабар» тұрғын үй кешенінде, Келес, Керегетас сквердерінде және Күйшілер аллеясында жасыл желек пайда болды. Көгалдандыру ауданның микроклиматын жақсартуға, тұрғындардың жайлылық деңгейін арттыруға және эстетикалық тартымды қала кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Әр адамның өркенді өмірін, алдағы жолын айқындайтын кезеңдері болады. Оны тап басып, адаспай тапқандар: асар белесінен, табан тірер биігінен, шырқап шығар асқарынан жаңылмайды. Төте жолын тура табады. Айналып келгенде, жанын дұрыс бағады. Сол кезеңнің бір баспалдағы студенттік шат-шадыман шақ дер едік. Қазақ елінің төрт бұрышынан жүздеп келіп, елу талапкер ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түстік. Оның қырық бірі өрге ұмтылған ұл, тоғызы топ жарған қыз еді. Бір бөлімде кілең сақадай сартылдаған жігіттер, қыздар оқыды. Олар мектеп қабырғасынан жаңа шыққан ботатірсектерге қамқор болып жүрді. Сол үрдіс өмір бойы жалғасын тапты. Оның көшбасында Ер аға (Ержұман Смайыл) жүріп еді. Біразға дейін сетінемей түп-түгел, бақыт бағында сайран құрдық. «Өмірдің бас-аяғы қас-қағым сәт, Құйрықты өтер ағып жұлдызға ұқсап. Азырақ аялдауға жер бетінде, Адамға берілгендей аз-кем мұрсат» деп Ербол (Шаймерденұлы) дос айтпақшы, селеудей сиреп келеміз. Бір тәубеге келетініміз, ұрпақ өсіп келеді.





ЖАҢЫ ЖАРАСҚАН ЖАҚСЫЛАР

«...Еліміздің әр қиырынан келіп тоғысқан, алғашында тосырқағанмен, тез табысқан елуіміз үлкен бір үміттің жетегінде едік» деп басталатын «Өмірдастан» деген курстастар туралы кітап қазір алдымызда тұратын болды. Жиі парақтайтын болдық.

Сол елудің ішінде екі Ерекең аталып, ағалы-інідей болған Ержұман мен Ербол еді. Қанаттасып қатар жүретін. Бұл күнде екеуі де о дүниелік. Өмір заңына жасар амалың жоқ, көнуге, көндігіуге тиіссің. Атар таң, шығар күн үмітіңді үкілеп алға жетелері хақ.

Ербол өмірден озғалы он бес жылға таяды. Отын жағып, ұрпағын ұйытып, рухын көтеріп жүрген, қырық жылдан аса қатар күн кешкен, асыл жары жеті белеске қол артты. Жақсының жары ретінде сәл қалам тартсақ деген ниетімізді білдіргенде, «Ерболмен жарыспай-ақ қояйын» деді. Уәжімізді айтып, иландырдық.

Ағынан жарылғанда бүтін кейіпте сөйлейтін, қара сөздің хас шебері, ой әлемінің алыбы Әбіш Кекілбайұлы: «Баламдай болмағанмен, інімдей бауыр басып кеткен бір азаматым – Ербол Шаймерденов» деген баталы сөзінің астары көп жайды ұқтырып тұрғандай. Шынында, Ербол сан қырлы, бір сырлы, алғыр, екі тілге бірдей, ұйымдастырушылық қабілеті де мол, ел ісіне сіңірген еңбегі де жетіп артылатын зиялы жан еді. «Құштарлық, мұң мен ізгі арман, Жалғайды адам арасын. Ой соқты осы жырлардан, Іздесең мені табасың» деп өзі меңзегендей: Ербол – бірінші ақын, екінші – тұңғыш рәміз танушы, үшінші – қазақ афоризмдерін дәйектеген білімдар еді. Ел болып, еңсе тіктегенде әлемдік жолмен баян тапқан Отан Президентінің бірінші баспасөз хатшысы болды.

Ербол Шаймерденұлы мен Күләш Қайыржанқызын бір-бірінен бөле қарағаны емеспіз. Солтүстіктің ақ қайыңындай Ерболдың сыр мен сымбаты қандай келісті болса, Күләштің бойындағы тұнықтық Ертістің баяу аққан суындай жарасым тауып тұратын. Сыйластықтың, ізет пен инабаттың, кісілік пен кішіліктің үлгісі осылай болса керек дейтін едік. Ербол пәниден аттанғалы бері отын жағып, отанын ұстап қана қоймай, бай мұрасына шырақшы болып келеді. Ер ағаң (Смайыл) ұлтқа керек құндылық деп бел шешіп кірісіп, Күләш ыждаһаттықпен жинақтап, балалары қолдап Ерболдың алты томдық шығармаларын 2013-2014 жылы жұрт қолына тигізді. Күләш одан кейін таңдамалы өлеңдерінің, дастандарының, бұрын жарияланбаған туындыларының басын қосып «Сағым дәурен» деген кітабының басылуына да аз еңбек сіңірген жоқ. Ерболдың әлі де мол мұрасы барын, әсіресе өзі қытай тіліне аудартқан афоризмдерін екі тілде шығарсам деген арман-мақсатында алға тартып келеді.

«Алдымен Ербол туралы айтыңыздаршы!» дейтін Күләштің де өз жолы барын білеміз. Ендігі әңгіме сол туралы болсын. Күләштің кім екенін Ерболдай асыл жарынан асырып айту, оңайға соқпас. Оның «Жарым менің» деген өлеңінде Күләштің бітім-болмысы, ақ адалдығы сан түрлі бояумен салған суреттей шынайы берілген. «Ұнатады ол тау самалын, Таң нұрын, Ұнатады ол қырдың гүлін, жаңбырын. Өйткені өзі жаратылған тұнықтан, Жарым менің, жарым менің – тағдырым» дейді. Бұл – ақынның ақиқат сөзі. Біз елу жылдан бері соған куәміз. Тағы бірде: «Қабақтан ұғып бәрін, Емдейсің күліп, жарым. Сен барда дүнием толық, Шайқалмас тұнықтарым» деп бір қайырып тастайды. Одан кейін «Сен де арнап ұмырыңды, Самал болып естің маған. Биіктетіп тұғырымды, Төзім жонып, тестің табан... Сен болған соң серпіп бәрін, Жүрем асқақ! Аласармай! Сенімен де, асыл жарым, Жан бар ма екен таласардай?!» дейді. Осы өлең жолдарындағы шын сөздердің алтын арқауын Күләш Ерекең жарқылдап ортамызда жүргенде де, Ерболсыз жылдарда бұзған да жоқ, үзген де жоқ. Қайта қылау түсірмей, биіктетумен жүр.

Күләштің кіндік қаны тамған жер – қасиетті қара Ертістің бойы, Павлодар облысының Естай атындағы ауыл. Осы елді мекенге Естайдың атын беруді кеңес кезінде (1986) Ербол мәселе етіп көтеріп, оң шешімін тапқан екен. Бұл туралы ол «Ән-ғұмыр» поэмасында «Қуанам болғаныма бір іске ұйтқы, Парызға ел атынан тосып иықты. Есімі берілсін деп осы ауылға, Жазғаным нысанаға дөп тиіпті» деп атап кеткені бар.

Орта мектептен кейін Күләш мұғалім болуды мақсат етіп, Алматыға бет алады. Қазіргі Абай атындағы университеттің филология факультетіне түсіп, оны бітіргеннен кейінгі жерде бар өмір жолын ұстаздыққа арнап келеді. «Алғашқы еңбек жолым өз ауылымдағы мектептен басталды. Оның арқауында, туған жерде қызмет етем, үкілеп өсірген ата-анама жемісімді жегізем деген мақсат жатты. Ол кездегі жастардың бойында елге деген сондай бір керемет құлшыныс болатын» деп сағымға айналып бара жатқан жылдарға ой жіберіп, Ерекеңдей азаматпен отау тіккенін, ұлт жақсыларының Отаны саналатын Қызылжар өңірінің атақты Жаңажол ауылына келін болып түскенін сабақтайды. Атасының соғыс ардагері, зиялы жан болғанын, енесі Мәуия қажыр қайраты мол, ақкөңіл, өлеңге жаны құмар жан болғанын тілге тиек етеді. Ерболдың еліне, қанаттандырған жұртына, нағашыларына дән риза екенін жеткізеді.

Ұрпақтың тектілігі ата-анасынан екені белгілі. Біз Ерболдың анасы Мәуия да, Күләштің әкесі Қайыржанды да, анасы Күлғалиды да көрдік. Еңбек үшін жаралған, бұра тартпайтын, құлық-сұмдықтан ада, халықтық салт-сананың берік ұстаған қазақтың қарапайым аяулылары еді. Бүгінде оларда о дүниелік.

Күләш өзі туралы сөйлеуге келгенде іркіліп, Ербол жайлы әңгіме болса, шешіліп, ағынан жарылады. «Менің бақытым, Ерболмен қатар жүргенде қазақтың жақсыларын көрдім, аталы сөздерін естідім, үлгісін үйрендім, тәлімін алдым, әркез қызмет көрсетуді өзіме парыз санадым. Қазірде қол үзгем жоқ. Тағы бір айтарым, тіл маманы болған соң, соның туын көтересің. Қызылжарда мұғалімдік орын болмады, теледидарда, кітапханада жұмыс істедім. Ақмолаға келгенде № 4-ші жалғыз қазақ мектебіне жұмысқа тұрдым. Қазақ мектебі бар, бірақ бала аз. Қазақ мектебі орналасқан көшеге Қазақ атын берген. Бұл да ойға қалдыратын. Мен бір азаматшаның атын ерекше атағым келеді. Ол – сол білім ордасының директоры Жанна Әрпенова апай еді. Қазір ол кісінің атын біреу біледі, біреу білмейді. Ұлым, ұрпағым деген кісілікті кісіні ұмытпасақ екен. Тіл дегенде қырандай түлеп кететін. Көшеден қазақтың баласын көрсе, жетелеп келіп мектептің табалдырығын аттататын. Одан кейін, ата-анасымен жұмыс жасайтын. Иә, бүгінгі астананың көркеюіне сондай халқын қадірлеген жандардың атын естен шығармай атап жүрсек дегім келеді. Бұл өткенге құрмет, ұрпаққа үлгі деп білемін» дейді Күләш Қайыржанқызы.

Ербол екеуі Алматыға қайта оралған соң, №136 мектепте ұстаздық, одан кейін өзі білім алған Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде оқытушылық қызмет атқарды. Бұл жерде Н.Ғабдуллин, Н.Оралбаева, Т.Әжіғалиева, өзге де атақты тіл маманының қамқорлығында болды. Көш басын Арқаға бұрғанда Шаймерденовтер алғашқы сапта Ақмолаға ат басын тіреді. Содан бері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде қызмет атқарып келеді. Қазақ тілін оқыту бойынша М.Нәрікбаев атындағы заң университетінде де жұмыс жасауда. Ұстаздық жолында ондаған емес, жүздеген шәкірт тәрбиелеп шыққанын айту – парыз. Олардың қатарында, белгілі ғалым Е.Тілешов, ақын Б.Беделхан теледидар қызметкері С.Молдасанов, тағы басқалар бар. «Мен «Құлмамбеттің құлынымын» деген айтыс өнерінің хас шебері, қазақ сөзінің жауһарларын айтқанда, талайды тамсандырған Оразалы Досбосынды ерекше атар едім. Бес жыл куратоpы болдым. Жаратылысы бөлек сол Оразалыға біраз еңбек еттім-ау, деймін» дейді Күләш алғыр шәкіртін мақтан етіп.

Күләш Қайыржанқызы Ербол «Қыздарым – қызғалдақтарым» деген үш баласынан қазір өсіп -өркендеп отыр. Үлкені Ләззат – саясаттану маманы болса, ортаншысы – Гүлшат экономист, ал кенжесі – Бақыт халықаралық қатынастар саласында. «Ақшуағым, асыл жыр, ән бұлағым» деп еркелетіп өсірген Бақыт әкесінің «Елтаным» кітабын заман талабына сай, сәл толықтырып қалың қауымға ұсынды. Үміттің ақталуы деген осы шығар. «Менің қазіргі серігіме айналған құдағиым Қапизаға деген құрметім ерекше. Ол кісі екеуміз Әлихан мен Камиланы қос қанатымыздай өсіріп келе жатырмыз. Ал атасы айдай толып жүрсін деп атын Айтолқын қойған немересі, бұл күнде Жапонияда оқып жүр. Ербол әкесіне арнаған бір өлеңінде «Шүкір деймін, тәубе деймін» деп еді. Біз де сол тәубе деп келе жатырмыз» дейді.

Күләш Қайыржанқызы шәкірт тәрбиелеумен қатар, білім беру ісіне өзінің білігімен үлес қосып келеді. Мектептерге арналған қазақ тілінен бірнеше оқулық, әдістемелік құралдар жазып, кітаптар жазды. Ғылыми мақалалар топтамасы өз алдына. Осындай еңбектің нәтижесі болар өңіріне Ы.Алтынсарин төсбелгісі тағылды. «Менің бар жеңісім – Ербол екеуміздің ұрпақтарымыз бен шәкірттерім!» дейді ол.

Иә, жақсының жары, үлгілі ұстаз, Күләш Қайыржанқызы мен қазақтың айтулы азаматы Ербол Шаймерденовтың өмір жолдарына көз жіберіп, ой тоқтатқанда, жаны жарасқан жандар екені баршаға аян.

Сүлеймен МӘМЕТ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ДРАМАТУРГИЯ ТУРАЛЫ ДӘРІС



Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен жүзеге асып келе жатқан Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасы басталғалы сегіз қаламгер әртүрлі тақырыпта дәріс оқыды. Сегізінші болып көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова тәжірибесімен бөлісті. «Қазақ драматургиясы: сюжет, идея және көркемдік тәсіл» атты оның дәрісі №5 қалалық балалар кітапханасында өтіп, оған қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Дәрісті ашып берген Жазушылар одағының Астана филиалының директоры, белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлы бұл жоба жыл аяғына дейін жалғасатынын атап өтті. Жалпы елорда әкімдігі астаналық қаламгерлерге көп қолдау көрсетіп келе жатқанын, «Қаламгерлер ұстаханасымен» қатар жас қаламгерлер арасында куиз өткізу қолға алынғанын айтты.

Одан кейін сөз алған Роза Мұқанова әдебиетке қалай келгенін әңгімеледі.

«Барлық қаламгерлер сияқты мен де әдебиетке құштарлықпен келдім. Әдебиет арман, мақсат болды. Осы үлкен жолда маған ықпал еткен, әдебиетке құштарлықты оятқан менің әкем – Қажығалым Қажыбайұлы Мұқанов. Ол кісі өз заманында ауыл-ауылды аралап, халық ауыз әдебиетін жинады. Зерттелмеген, айтылмай жатқан, көмескіленіп жатқан дүниелерді жинаумен әуестенді. Айтыс ақындарын, әсіресе Әсеттің қолжазбаларын ел ішінен жинады. Сөйтіп ғылым академиясына тапсырып жүрді. Әкемнің әдебиетке деген махаббаты, әдебиетке құштарлығы мені де құштар етті» деді Роза Мұқанова.

Алдыңғы толқын ағалары туралы әңгімелеп, олардың аялы алақанын сезінгенін, шығармашылығы жөнінде алғашқылар қатарында Әзілхан Нұршайықов пен Дулат Исабеков жылы пікір айтқанын жеткізді. Драматургия жөнінде дәрісті нақты мысалдармен әдіптеді. Соның ішінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлу» шығармасы, басқа да туындылар жайлы ой толғады.

«Сана, эмоция, тән драматургия табиғатына өте жақын. Драматургияның тағы бір заңдылығы – экспозиция. Завязка, кульминация, шешілуі, тарқауы. Көркем әдебиеттің өзінде осы талаптардың барлығы міндетті түрде болуы керек» деген жазушы өзінің «Фариза» және «Сарра» драмаларының жазылуына тоқталды. «Сарра» Қазақстанның халық әртісі Гүлжан Әспетоваға арнап жазылғанын, бірақ Гүлжан Жарылқасымқызының ұсынысымен Сая Тоқманғалиеваға бұйырғанын жеткізді.

Қаламгер дәрісі екі сағатқа созылып, тыңдаушылар әдебиет жайында, Роза Мұқанованың шығармашылығы жөнінде, оның замандас жазушылары туралы қызықты мәліметтерге қанықты. Дәріс соңында Жолтай-Жұмат Әлмашұлы, Асқар Алтай сынды жазушылар, тағы да басқалар сұрақтар қойды.

№132 (4876) 08/11/2025 Сенбі

Шапағат ӘБДІР



АТЫҢДЫ ТҮЗЕ, АЛТЫ АЛАШ!

Айналамызда пайғамбарлардың есімін алып, шайтанның ісін жасап жүретін адамдар аз емес. «Жомарт» деген ат қойғанмен, өзі сараң қаншама адам бар. Сондықтан әр адам өз атына сай болуы тиіс. Өйткені әр нәрсенің өз есімі бар және ол соған лайық болуы керек. Тіпті адам денесіндегі мүшелердің де әрқайсысының өз қызметін білдіретін атауы бар емес пе?! Мысалы, «асқазан» дейміз, одан «ас», «қазан» сияқты тамақ жеуге байланысты ұғымдар шығып тұр. Демек, адамның аты да оның болмысына, ішкі мазмұнына сай болғаны жөн.

ҰЛТТЫҚ ЕСІМ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙНАСЫ

«Балаға есім беру – үлкен жауапкершілік және мәдениет, ұлттық бірегейлікке тікелей қатысы бар дүние. Бүгінгі таңда заман ағымына орай ат қоюдың небір үлгісін көріп жүрміз. Тіпті сорақылары да кездеседі. Кезінде елімізде өткен халықаралық іс-шараға байланыстырып Бәйдібэкспо, Азиада, Саммит, Конгресс деп балаларына есім бергендерді де көрдік. Одан қалса, Әйгерім дегенді «Айгерима», Анарды «Анара», Айшаны «Аиша» деп тілге де, ділге де соққы жасап жатқандар аз емес. Оның сыртында ресми құжаттарда есім-сойды жазудың бірізділігі және жоқ» дейді Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан.

Ол қазіргі таңда қоғамда азаматтардың аты, әкесінің аты мен тегі түрліше жазылып жүргеніне тоқталды.

«Бұл құжат айналымында, деректер базасында және халықаралық деңгейдегі сәйкестендіру жүйесінде елеулі қиындық туғызуда. Мәселен, бір адамның тегі құжаттарда: «Тоқтасынов» деп орысша үлгіде,«Тоқтасынұлы» деп қазақша немесе «Toktassyn» деп латынша беріліп жатады. Мұндай алшақтық ұлттық бірізділікке нұқсан келтіреді. Сондықтан ҚР азаматтарының аты-жөнін жазудың бірыңғай ережесін нақты бекітіп, оны заңнамалық және ақпараттық жүйеде біртұтас стандарт ретінде енгізу қажет. Соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай қадам жасалды: ҚР Үкіметінің 2023 жылғы қаулысымен «ҚР азаматтарының аты, әкесінің аты мен тегін жазу ережелері» жаңартылды; қазақ есімдерінің төл дыбыстық ерекшеліктерін сақтау, әкесінің атын «ұлы», «қызы» формасымен жазу мүмкіндігі туды; азаматтарға өз есімін ұлттық нормаға сай түзету құқығы берілді. Дегенмен бұл нормаларды цифрлық жүйелермен, дерекқорлармен және халықаралық жазылым стандарттарымен үйлестіру әлі де өзекті мәселе болып отыр» дейді Жанарбек Әшімжан.

БІЗДЕ ҚАЙ ЕСІМ КӨП?

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, қыз балалар арасында ең жиі қойылған есім – Айлин, оны 4746 сәбиге берген. Екінші орында – Асылым (3844 бала). Үшінші орында – Медина (3561 бала). Айша есімі де (2977 бала) қыз балалар арасында кең таралған. Бұдан кейін Томирис (2595 бала) есімі жиі қойылған. Сонымен қатар Мариям (2345 бала) мен Сағфия (2333 бала) есімдері жиі кездеседі, бұлардың екеуі де ислам тарихында қадірлі әйел тұлғалардың есімдері. Аяла (2211 бала) есімі де қыз балаларға жиі қойылған. Ал ұл балалар арасында ең танымал есімдердің бірі – Мұхаммед (2229 бала). Бір қуанарлығы, ең танымал ұл есімдердің қатарында Алихан да бар, ол 2112 балаға қойылған. Осы деректерден байқағанымыз, қазіргі қазақ қоғамында дәстүр мен заманауи үрдіс қатар өріліп келеді.

ЕСІМІНЕН ҚАЙ ҰЛТ ЕКЕНІ КӨРІНУІ ТИІС

Қазақ халқы қашанда ат қоюісіне ерекше мән берген. Себебі ата-ана баласына есім бергенде өз арманы мен тілегін сол есімге сыйғызады. Қазақ үшін ат – жай ғана таңба емес, сондай болса екен деген адамның ішіндегі ниеті, үміті, тілегі. Осындай ырымшылдығынан болар, қазақ баласына ат қойған кезде ырымдап, ішкі арманын есімге енгізіп жатады. Мысалы, қызы көп, ұлы жоқ адамдар келесі бала ұл болсын деген ниетпен қыздарының атын «Жаңылсын», «Ұлболсын» деп қояды. Ал соңы тоқтап қалмасын, жалғассын деген тілекпен «Жалғас», «Ержан» сияқты аттар жиі кездескен. Мұның бәрі – халқымыздың дүниетанымы мен өмірге көзқарасының айғағы. Тарихқа қарасақ, жаугершілік заманда ата-аналар «балам батыр болсын» деген ниетпен өз баласына елге белгілі батырлардың атын қойған. Кейде ол батырлар да ырымдап сол сәбиге өз атын өзі берген мысалдар аз емес. Мұның бәрі – қарапайым болғанымен, ұлт рухы діңінің мықтылығына саятын дүниелер.

– Адамның есімі аталса, қай ұлттың өкілі екенін бірден білеміз. Мәселен, Сергей, Иван десе – славян ұлтының өкілі. Әлбетте, халқымызда араб, парсы тілінен енген есімдер көп. Олар тіпті қазақыланып кеткен. Дегенмен ұлтымыздың болашағын ойласақ, ұлт мүддесін биік қойып, ұрпағымызға қазақша ат қойғанымыз дұрыс. Әр ұлт өзге ұлттардан өзіндік ерекшелігімен, төл тарихымен, ұлттық мәдениетімен даралап тұруға тиіс. Жаратқанның өзі бізді ұлттар мен ұлыстарға бөлген. Сондықтан ұрпағымызға мағынасы терең, тәрбиелік мәні зор қазақ есімдерін қойған абзал, – дейді этнолог, тарихшы Тұрар Сәттарқызы.


Былай қарасаңыз, қазақтың бұрынғы аттары көбіне туған күнге, жерге, ырым-жырымға байланысты болған. Сондықтан оның есімін естігенде белгілі бір мағына беріп тұратын. Ат қоюда халықтың бастан өткеріп жатқан кезеңдері, қоғамдық оқиғалар мен жағдайлар да ескерілген. Мысалы, ислам діні келмей тұрып қазақ арасында Ибраһим, Жүсіп, Мұхаммед сияқты есімдер кездеспеген. Ислам діні енгеннен кейін қазақтың ат қоюдағы түсінігі де өзгерді. Бұл, әрине, сенімге байланысты құбылыс болатын. Себебі дін халықтың рухани өміріне, дүниетанымына тікелей әсер етті. Мысалы, ұлы Абайдың әулетіне қарасақ, Ырғызбай, Өскенбай, Құнанбай болып келіп, Ибраһим деп жалғасады. Бұл да сол ислам діні ықпалының айғағы. Демек, есім арқылы халықтың дүниетаным бағыты мен сенім жүйесінің өзгерісін байқауға болады.

– Бүгінде халық арасында қазақы пайым-түсінігіміз бен ұлттық ерекшелігімізге жат нәрсе белең алып барады. Қазақ болудан арланып, баласына арабша ат қоятындар көбейіп кетті. Балаларға ат қоюдың ұлттық сипаты жоғалып барады. Қазаққа тән емес, сериалдардың кейіпкерлері, шетелдік жұлдыздардың мағынасы түсініксіз есімдерін қоюға құмар болдық. Мәселен, Жасмин әже, Адель әже деген есімдер адам қартайған кезде қалай естіледі?! Бір кездері сән болған Индира, Эльмира, Эльвира деген апалардың бүгінде есімін қазақшалап атап жүргенін көріп жүрміз. Қазақтың әп-әдемі есімдеріне «а», «я» әріптерін жалғап айту сәнге айналып, қалыптасып бара жатқан сыңайлы, – дейді Т.Сәттарқызы.

P.S: ***Тарихқа назар аударсақ, қазақ ұлттық мәселелердің бәрінде де есімге аса назар аударған. Бұған жеңіске жеткенде немесе соғыс майданында белгілі батырлардың атын атап, ұран салу арқылы өз рухын көтеріп отыруы дәлел бола алады. Міне, мұның өзінен-ақ адамның аты мен рухының байланысты екенін аңғарамыз. Сондықтан қазақ есімі жай ғана атау емес, ол – ұлттың мәдениеті мен рухани тарихының айнасы.***

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Бүгінде елімізде бой көтеріп келе жатқан салалардың бірі – медициналық туризм. Бұл бағыт – тек денсаулық сақтау жүйесін нығайтумен шектелмей, ел экономикасына қосымша кіріс әкелетін, жаңа жұмыс орындарын ашатын, халықаралық имиджді қалыптастыратын жоғары әлеуетке ие экспорттық сала. Қазақстандық медициналық туризм қауымдастығының ресми мәліметінше, еліміздегі медициналық туристердің саны 2022 және 2024 жылдар аралығында 1200 адамнан 80 мың адамға өсті. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Оған бірқатар фактор себеп болып отыр.



Біріншіден, Қазақстанда әлемдік стандарттарға сай жоғары деңгейдегі медициналық ұйымдарға ғана берілетін медициналық «Оскар» атанып кеткен JCI (Joint Commission International) аккредиттеуін алған 9 мекеме бар. Оның 7-уі Астана мен 2-уі Алматыда. Бұл – біздің аймақтағы көш бастап тұрған қуантарлық нәтижеміз.

Екіншіден, еліміздегі жоғары сапалы медициналық қызметтер басқа елдерге қарағанда әлдеқайда қолжетімді. Мәселен, Астана қаласының әкімдігіне қарасты Астананы дамыту орталығының ақпаратына сәйкес, Қазақстанда жүрек шунттау хирургиясы АҚШ-қа қарағанда 80 есе, Сингапурға қарағанда 11 есе арзан.

Үшіншіден, елдегі медициналық ұйымдардың медициналық туристерді тартуға экономикалық жағынан мүдделі болуы. Өйткені барлық турист тур ішінде бұл сала елдің нарығына мейлінше көп қаражат әкелетіні белгілі.

Дегенмен бұл салада жиналып қалған мәселелер аз емес. Атап айтқанда, елдегі медициналық ұйымдар мен туристік операторлардың арасындағы өзара әрекеттестік жоқтың қасы. Мәселен, медициналық мекемелер туристік бизнеске бейімделмегендіктен, туристерге билеттерді сатып алу, тұрмыстық жағдайды ұйымдастыру сияқты қосымша қызметтерді сапалы түрде бере алмайды. Өйткені бұл – туристік ұйымдардың құзырында. Сол себептен клиникалар мен медициналық туристерге сауатты қолдау көрсете алатын медициналық туризм саласындағы бірыңғай операторды құру қажет деп ойлаймын. Оның құзыретіне диагностика және емдеу бойынша консалтинг, туристердің санын тіркеу, туристік өнімді ұсыну, тасымал және медициналық аудармашы қызметін кіргізуге болады. Мысалы, әлемдік үздік үлгілер қатарынан табылатын Түркияда медициналық туризмді дамыту ұлттық стратегия деңгейінде іске асырылады – Health Tourism Vision 2030 бағдарламасы қабылданған. Мемлекет медициналық ұйымдар мен туроператорларға халықаралық көрмелерге қатысуға субсидиялар береді; маркетинг шығындарын ішінара өтейді; шетелдік пациенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру үшін гранттар мен жеңілдетілген несиелер ұсынады. Қатысушыларға қызметті Türkiye Health Tourism Council деп аталатын орталық орган үйлестіреді. Онда ірі клиникалар, әсіресе жекеменшік медицина ұйымдары (Acıbadem, Memorial, Anadolu) өздерінің ішкі туризм бөлімшелерін немесе серіктес туроператорларды пайдаланады. Мемлекеттік қолдау мен ұтымды жүйенің нәтижесінде науқас емдеуден бөлек, туристік қызметтерді «бір терезе» қағидатымен алады.

Тағы бір мәселе – медициналық виза. Бүгінде медициналық туризм саласы жақсы дамыған Түркия мен Үндістан сияқты елдерде емделу үшін келетін туристерге тез арада және электрондық түрде берілетін e-visa көзделген. Өткен жылы елімізде IT саласындағы мамандарға арналған электрондық Digital Nomad Visa енгізілді. Осыған орай, медициналық туризм деңгейін арттыру үшін медициналық туристерге арналған арнайы цифрлық визаны қолға алу қажет деп ойлаймыз.

Бұдан бөлек, емделуге келген туристердің еліміздің тек ірі қалаларына емес, әр түкпіріне келуін қамтамасыз ету үшін әлемдік деңгейдегі медициналық ұйымдар санын арттыру қажет. Қазақстанда әлемдік JCI аккредиттеуінен 9 медициналық ұйым өтсе, медициналық туризмі дамыған Үндістанда – 64, Түркияда – 42, Малайзияда – 18. Осы себептен болашақта JCI аккредиттеуін алған медициналық ұйымдардың аккредиттеуден шыққан шығындарын мемлекеттік бюджеттен өтеудің мүмкіндігін қарастыруға қолдау көрсету маңызды деп санаймын.

Қысқасы, медициналық туризмді дамыту арқылы елімізді Орталық Азиядағы жетекші медициналық хабқа айналдыруға толық мүмкіндік бар.

Нұргүл ТАУ,
Мәжіліс депутаты



ЖАУҚАЗЫН ӨМІР ЖЫЛАМАСЫН

ЗОРЛЫҚТЫҢ ТҮР-ТҮРІ БАР

Әлемде зорлық-зомбылық оқиғаларының таралуы және қатерлері алаңдатарлықтай. Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша, әлемдегі әрбір бесінші әйел мен әрбір он үшінші ер адам балалық шағында (0-17 жас) жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Әлемдік мета-талдауларға сәйкес, жыныстық зорлық-зомбылықтан қыздардың шамамен 24 пайызы және ұлдардың 3%-17%-ы зардап шеккен. Стигматизацияға және балалардың қауіпсіздігіне, сондай-ақ осындай жағдайлардың назардан тыс қалуына байланысты шынайы көрсеткіштер ресми деректерге қарағанда жоғары болуы да мүмкін.

Балалардағы зорлық-зомбылықтың негізгі төрт түрі бар. Олар физикалық, жыныстық, эмоционалдық (психологиялық) және баланың қажеттіліктерін елемеу.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың ең көп таралған жалпы қауіпті факторлары:

- ата-аналар баланың тағамға, киімге, білімге, медициналық көмекке және т.б. негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтын материалдық өмір сүру деңгейі төмен отбасылар;

- толық емес немесе жанжалды отбасылар. Отбасындағы ауыр, шиеленісті жағдай балаға деген көзқарасқа және онымен қарым-қатынас тәсілдеріне теріс әсер етеді;

- асырап алынған балалары бар отбасылар. Асырап алынған адамдарға баланың мінез-құлқының ерекшеліктері олар күткендей болмауы мүмкін және сондықтан асырап алушы ата-аналар тарапынан оған зорлық-зомбылық жасалуы мүмкін.

- қатыгез жазалар қолданылатын отбасыларда, әдетте, отбасылық рөлдер нашар бөлінеді (билік бір ата-анаға шоғырланған немесе хаотикалық түрде бөлінген).

Баланың жеке басына байланысты қауіп факторлары:

Гиперкинетикалық синдром (СДВГ), еркелетіп сүймейтін немесе «қалаусыз» бала, баланың физикалық және психикалық ауытқулары.

Барлық салдарларды біріктіретін нәрсе – олар баланың денсаулығына зиян келтіреді, медициналық, психологиялық, мінез-құлық, когнитивті, тұлғааралық көрсеткіштерде көрінеді және оның өміріне қауіп төндіреді.

ҚАТЫГЕЗ БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Балалардың зорлық-зомбылыққа байланысты жарақатқа жауап беру ерекшеліктері туралы да айтуға боалды.

Балалардың зорлық-зомбылыққа, жүрегіне алған жарақатына байланысты реакциясы болады. Ол баланың жасына және даму деңгейіне байланысты. Баланың зорлық-зомбылыққа реакциясының күші көбінесе ата-аналардың мінез-құлқына және олардың осы жағдайға деген көзқарасына қарай ерекшеленеді.

Психикада жарақат қалдыратын қиын оқиғалар баланың жұмысының барлық салаларында көрінеді. Психологиялық жарақат алған балаларда қорқыныш, ұят, ашу, көңіл-күйдің төмендеуі түрінде тұрақты эмоционалдық бұзылулар болуы мүмкін, сонымен қатар олардың эмоцияларын реттеу қабілеті бұзылуы ықтимал.

Жарақаттан кейін балаларда депрессия, көңіл-күйдің төмендеуі болуы мүмкін, бұл – басқа адамдарға және жалпы әлемге деген сенімнің кенеттен жоғалуына реакциялар. Травматикалық оқиғаға байланысты әділетсіздік сезімі баланың ашу-ызасын тудыруы мүмкін.

Балалардағы жарақатқа тән мінез-құлық реакциялары аулақ болу, агрессивтілік, өзін-өзі бұзатын мінез-құлық және т.б. болуы мүмкін.

Жарақат алған балалар зорлық-зомбылықтан кейін наразылық немесе деструктивті мінез-құлықта ашуы мен ызасын білдіреді. Өзіне-өзі зиян келтіру (кесу, күйік, суицидтік әрекеттер) балалар жарақаттарымен тікелей байланысты.

Зорлық-зомбылықпен байланысты созылмалы психо-травматикалық жағдайда болудың салдары балалардың бейімделмеген мінез-құлықтарын игеруі болуы мүмкін, өйткені зорлаушы күшке, ақшаға ие, отбасының өмірін басқарады, бәрі оған бағынады және т.б.

ПСИХИКАДА ЖАРАҚАТ ҚАЛДЫРАТЫН ҚИЫН ОҚИҒАЛАР БАЛАНЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАЛАРЫНДА КӨРІНЕДІ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАРАҚАТ АЛҒАН БАЛАЛАРДА ҚОРҚЫНЫШ, ҰЯТ, АШУ, КӨҢІЛ-КҮЙДІҢ ТӨМЕНДЕУІ ТҮРІНДЕ ТҰРАҚТЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ БҰЗЫЛУЛАР БОЛУЫ МҮМКІН, СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛАРЫН РЕТТЕУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛУЫ ЫҚТИМАЛ

АУЫР САЛДАРЫ ІЗСІЗ КЕТПЕЙДІ

І кезең. Жарақаттан кейін бірден, әсіресе егер ол зорлық-зомбылық пен шабуыл сипатында болса, бала физикалық және эмоционалды көріністер түрінде алғашқы реакцияны дамытады, олар әсер ету сипаты мен ұзақтығына, баланың жасына және оның жеке ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі ауырлық дәрежесі мен көріністер спектріне ие болуы мүмкін.

ІІ кезең. Бейімделу (аккомодация), оның барысында бала болып жатқан оқиғаны жеңуге көмектесетін дағдыларды дамытады.

Ол қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, физикалық және психикалық ауырсынуды азайтуға көмектесетін осындай әдістер мен мінез-құлықтарды дамытады, яғни ол психологиялық қорғанысты дамытады – копинг.

ІІІ кезең. Зорлық-зомбылықтың ұзақ мерзімді салдары – бұл баланың бірінші және екінші кезеңдерінің ерекшеліктерінен, жеке ерекшеліктерінен тұратын интегративті процесс.

Отбасындағы зорлық-зомбылық – баланың психологиялық дамуына терең және ұзақ мерзімді зиян келтіретін аса ауыр әлеуметтік мәселе. Мұндай жағдайда өскен балаларда қорқыныш, өзіне сенімсіздік, агрессия немесе тұйықтық сияқты жағымсыз психологиялық әсерлер қалыптасуы мүмкін. Сондықтан мұндай балаларға дер кезінде кәсіби психологиялық көмек көрсету – олардың болашағы үшін аса маңызды. Психологиялық қолдаудың басты мақсаты – баланың ішкі жан дүниесін қалпына келтіру, өзін қауіпсіз сезінуіне жағдай жасау және өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыру. Бұл бағытта мемлекет пен қоғам, отбасы және білім беру мекемелері өзара тығыз әрекеттесіп, бала құқығы мен қауіпсіздігін қорғауда бірігіп жұмыс жасауы қажет.

Әрбір бала мейірімділікке, сүйіспеншілікке және қамқорлыққа лайық. Біз олардың қауіпсіз және бақытты ортада өсіп-жетілуіне мүмкіндік жасауымыз керек.

Бақыт ЕСЕНБАЕВА,
Арнаулы әлеуметтік көмек қажет ететін балаларды қолдау орталығының педагогы

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК: КІМГЕ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

АӘК БАҒДАРЛАМАСЫ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Қазіргі таңда әлеуметтік қолдау жүйесін әділ әрі нақты қажеттілікке сай ұйымдастыру – ұлттық даму үшін маңызды бағыттардың бірі. Мемлекет тұрмысы төмен және әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету мақсатында түрлі бағдарламаларды жүзеге асырады. Солардың ішінде атаулы әлеуметтік көмек – халықтың ең мұқтаж бөлігіне арналған маңызды қолдау болып табылады.

Атаулы әлеуметтік көмек тек қаржылай көмек қана емес. Ол азаматтарды еңбекке ынталандыруға, кәсіби бейімдеуге және қоғам өміріне белсенді қатысуға бағытталған кешенді механизм болып табылады. Оның басты мақсаты – азаматтарды қиын өмірлік жағдайдан шығару, сондай-ақ жұмыссыздықты азайтуға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік шаралар жүйесі.

КІМДЕР АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ АЛА АЛАДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын қандастарға, босқындарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі. Оған қосымша, атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда 1 жастан 6 жасқа дейінгі әр балаға ай сайын 1,5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде қосымша төлем төленеді.

Отбасының немесе жеке адамның әлеуметтік жағдайына байланысты көмек екі түрге бөлінеді: шартсыз және шартты.

Шартсыз ақшалай көмек – құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі 3 жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын кірісі аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартты ақшалай көмек – жалғызілікті не жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ құрамында еңбекке қабілетті мүшесі бар табысы аз отбасыларға, ол жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда, ай сайынғы немесе біржолғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетіледі.

ҚАЛАЙ ӨТІНІШ БЕРУГЕ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ОЛ ҚАНША УАҚЫТ ҚАРАЛАДЫ?

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер азаматтар мына мекенжайға жүгіне алады:

1. Тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығына, ал тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығы болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне;

2. Электрондық үкімет порталында жеке кабинет арқылы онлайн өтініш беру;

3. Екінші деңгейдегі банктердің қосымшасы арқылы;

4. SMS-хабарлама арқылы (проактивті формат).

Өтініш тіркелген күннен бастап 15 жұмыс күні қаралады, бірақ егер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде деректер болмаса, өтініш берушінің өзі құжаттарды ұсынуға құқылы, ал егер өтініш берушінің өзі тиісті құжаттарды ұсынуға мүмкіндігі болмаса, онда мемлекеттік органдарға немесе ұйымға жазбаша сұрау жіберіледі, бұл жағдайда өтінішті қарау мерзімі жауап алынғанға дейін ұзартылады, бірақ 30 күнтізбелік күннен артық емес.

ЖАҢА ТӘСІЛДЕР МЕН ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

2025 жылдан бастап материалдық жағдайды зерттеу негізінде отбасылардың атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаждығы туралы қорытындылар шығаратын учаскелік комиссиялардың қызметін цифрландыру жүзеге асырылды. Бұл комиссиялар үшін FSM Social мобильді қосымшасы жасалды. Оның артықшылығы:



геолокацияны анықтау (өтініш берушінің нақты географиялық орны), жедел шешім қабылдау және қорытынды шығару рәсімін оңайлату, зерттеу жүргізу және шешім шығару кезінде формальды тәсілді алып тастау болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының барлық аумағында атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер азаматтардың келісімі негізінде Ашық бағдарламалық интерфейстер (Open API) арқылы банкаралық жүйеде банктік шоттар, олардың ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы деректер алмасу арқылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі пилоттық жоба іске асырылды.

Қысқасы, атаулы әлеуметтік көмек – бұл тек мемлекеттің шынайы мұқтаж жандарға көрсететін қолдауы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі шара.

Нұрсәуле ТӘЖІБАЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ Алматы ауданының әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің басшысы

«Elorda Aqparat» медиасеріктестігі мен «Astana aqshamy» газетінің ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуаныш Сұлтанұлы Сұлтановқа зайыбы

Бейбіт Дәулетбаққызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№132 (4876) 08/11/2025 Сенбі

ДАЛАНЫ КҮЙМЕН ТЕРБЕТКЕН...

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасындағы Ақселеу Сейдімбек атындағы залда күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова мен белгілі қобызшы, композитор, «Құрмет» орденінің иегері Жанар Жүсіпованың қатысуымен «Мәңгілік сарын» атты сазды кеш өтті.



Шапағат ӘБДІР

Кештің үйлестірушісі және тізгіншісі – «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінің жетекшісі, өнертану профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай ең алдымен кездесудің мән-маңызына тоқталып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан қоғамының қиын кезеңдерін еске алды. Сол бір тарихи шақта елордамызды Арқа төріне көшіру ісінің қаншалықты жауапты әрі күрделі болғанын, сол уақытта қазақ өнерін насихаттауда үлкен еңбек сіңіргенін тебіреніспен жеткізді.

– Астананың алғашқы жылдары тұрғындарының жартысынан көбі орыс тілінде сөйлейтін. Сол кезде өнер мен мәдениетті өркендету оңай болған жоқ. Соған қарамастан, Анар мен Жанар сияқты өнерпаздар ұлттық рухты, қазақтың күй өнерін дәріптеп, тыңдарман жүрегінен орын алды. Бүгінгі кеш – сол еңбектің, сол рухтың жалғасы, – деді ол.

Кездесу кешінің шымылдығын Анар Мұздаханова Құрманғазының «Ілме» күйімен ашты. Сонымен бірге ол қазақтың қосылмаған ғашықтар тағдырына арналған «Қош аман бол, Ақбикеш» атты Есжанның күйін орындады. Жанар Жүсіпова Қорқыттың мәңгілік сарынға айналған «Ұшардың ұлуы» күйімен кешті жалғастырды. Және Ықыластың «Қоштасу» күйін орындап, әр күйдің тарихы мен шығу аңызы туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Сонымен бірге кеш иелері тек дәстүрлі күйлерді ғана емес, өздерінің төл туындыларын да орындады. Солардың арасында Анар Мұздахановаының Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арнаған өз күйі «Оян, қазақ!» пен Жанар Жүсіпованың «Аққу-қаздар», «Тұран» атты шығармалары тыңдарман тарапынан ерекше ықыласқа ие болды.

Сұхбат барысында сөз алған филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов қос күйшіге ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді:

– Біз Астанаға 1997 жылдың бірінші сәуірінде келдік. Сол кезде Анар мен Жанар жарқыраған жас өнерпаздар еді. Бүгін олардың өнерін тыңдап, сол жылдар көз алдымнан тізбектеліп өтті. Аристотель «поэзия тарихтан тереңірек» деген екен. Ал егер ол қазақтың күйін тыңдаса, «күй бәрінен де терең» дер еді. Өйткені күй – ұлы даланың шежіресі, – деді ол.

Кеш соңында қатысушылар күй құдіреті мен оның қазақ руханиятындағы маңызы туралы ой бөлісіп, әсерлі кездесуден рухани шабыт алып тарқасты.



«ЖАС САРБАЗ» ДАРЫНДАРЫНЫҢ ӨНЕРІ

Кеше елордадағы М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназияда «Жас сарбаз» – жеңіс рухының жалғасы» жобасы аясында Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған әскери-патриоттық әндер байқауының қорытынды финалдық кезеңі өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы және Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Астана қалалық филиалы ұйымдастырды.

Байқаудың мақсаты – жастарға, «Жас сарбаз» тәрбиеленушілеріне рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру, білім алушыларда белсенді азаматтық ұстаным мен патриотизмді, маңызды рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар ретінде дамыту.

Аталмыш іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының басшысы Гинаят Хамитұлы, Республикалық «Жас сарбаз» әскери патриоттық қозғалысының төрағасы, майор Мейірбек Оразұлы, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Астана қалалық филиалының төрағасы Айдархан Шыңғысханұлы, Қорғаныс министрлігі өкілдері, финалдық кезеңге жолдама алған үздік «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері, олардың жанкүйерлері қатысты.

Байқау барысында елордаының ең үздік «SMART SARBAZ» робототехника жобалары таныстырылған көрме қойылып, оны жиналған қауыммен қатар «Жас сарбаз» қозғалысының әлемдік додаларда жеңімпаз атанған спортшылары тамашалады. Көрмеде қатысушылар мен қонақтар жас сарбаздың инновациялық идеяларымен, заманауи жобаларымен және спорттық жетістіктерімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

«Талантты оқушылар өте көп екен. Бізді ынталары қуантты. Бірақ әскери әндердің тапшылығы байқалды. Бірақ бұл – оқушылардың кінәсі емес, осы тақырыпқа композиторлардың аз жазатыны аңғарылды. Ал байқауға келсек, ұйымдастырылуы өте жақсы болды. Қолдан келгенше әділ шешім шығаруға тырыстық. Бұл байқауға тілейтінім, өрісі кеңейе берсін, жас таланттар көбейсін, жақсы әндер жазылсын, Қазақстанның нағыз патриоттарын шығару жолында жұмыстар жемісті болсын!» дейді қазылар алқасының мүшесі, талай патриоттық әндердің авторы, белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Жүнісов.

Байқау қорытындысында бас жүлдені К.Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназия оқушысы Манас Әбілмансұр, бірінші орынды А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиядан Шұғыла Ермекова, екінші орынды Т.Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейден Ыдырыс Тұңғышбай мен Нұрайша Жүкен, үшінші орынды №28 мектеп-лицейдің хоры иеленді.

ҒАСЫР ДЕРТІ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астананың «Жастар» театрында «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахымжан Отарбаевтың «Нашақор туралы новелла» туындысының желісімен сахналанған «Соңғы аялдама» әлеуметтік трагедия жанрындағы қойылым көрермен назарына ұсынылды.



Қойылымда бүгінгі қоғамды алаңдатқан өзекті мәселе – есірткіге тәуелділік тақырыбы қозғалады. Әлеуметтік трагедияда көрерменге нашақорлықтың адамзат баласына әкелетін залалы, оның жеке тағдырларға тигізетін қайғы-қасіреті көрсетілген.

Ғасырымыздың бүгінгі дерті – нашақорлық, адамзат тарихындағы қасіреттерді көбейтуші, зұлымдықтарды тудырушы апиын екенін білсе де, оң-солын тани алмаған жас өскін неге адасты? Дұрысы, оны адастырған кім? Өмірін тас-талқан еткен жауыздардың жазасын кім береді? Кінәліні кім табады? Өмірдің өзекті мәселелеріне жауап іздейтін шығарманың өскелең жас ұрпақ санасына ой салуда, оларды шырмауықтай шырмап алар ғасыр індетінен арашалап қалуда һәм адасудан сақтауда айтары мол.

Қойылымды қазіргі заманға бейімдеп, бүгінгі жастардың тілімен қайта жандандырған қоюшы режиссері, Мәдениет саласының үздігі Нұрфат Вахитовтың айтуынша, «Соңғы аялдама» – өскелең ұрпақтың бойында әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға, адами құндылықтарды дәріптеуге және нашақорлықтың алдын алуға бағытталған қойылым. Қойылым мәтініне жастар жиі қолданатын сөздер енгізілген. Осы арқылы қойылым жас көрерменнің өміріне жақындатылып, олардың ішкі әлеміне әсер етуге тырысқан.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №132
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ